

Қазақстан Республикасының Су кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 24 желтоқсандағы N 58

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы
31 наурызда қабылдаған Қазақстан Республикасының Су кодексіне

К933000_

(Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж.,
N 7, 149-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 4-бапта:

1-тармақтағы "тек қана" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақ алынып тасталсын;

4 және 5-тармақтар тиісінше 3 және 4-тармақтар болып есептелсін.

2. II тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"II тарау. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының су қатынастарын реттеу саласындағы құзыреті".

3. 7-бапта:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің құзыреті":

бірінші азат жолындағы "Жоғарғы Кеңесінің" деген сөздер
"Парламентінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші, үшінші, бесінші азат жолдар алынып тасталсын.

4. 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Жергілікті өкілді органдар - мәслихаттардың құзыреті".

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегіндегі жергілікті өкілді
органдар - мәслихаттардың қарауына мыналар жатады:

суды ортақ пайдаланудың шарттарын белгілеу;

судың пайдаланылуы мен қорғалуына бақылау жасау" .

5. 9 және 10-баптар алынып тасталсын.

6. 12-баптың он екінші азат жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"жердің үстіңгі қабаты мен жер астындағы көздерден алынған су ресурстары үшін төлем ставкаларын белгілеу".

7. Мынадай мазмұндағы 14-1 бабымен толықтырылсын:

"14-1 бап. Поселке, ауыл (село) әкімінің құзыреті.

Тиісті елді мекендердің аумағындағы поселке, ауыл (село) әкімінің қарауына мыналар жатады:

суды ортақ пайдаланудың шарттарын белгілеу;

судың пайдаланылуы мен қорғалуына бақылау жасау".

8. 47-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Су ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы өндіріп алудың тәртібі мен шартын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді".

9. 52-баптың 2-тармағындағы "халық депутаттары Кеңестері" деген сөздер "атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. 54-баптың 2-тармағының үшінші азат жолындағы "халық депутаттарының облыстық Кеңестері" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. 55-баптың 2-тармағындағы "халық депутаттары Кеңестері" деген сөздер "атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. 56-баптың 2-тармағындағы "халық депутаттары Кеңестері" деген сөздер "атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. 123-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"123-бап. Су қатынастарын реттеу саласындағы халықаралық шарттар.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта, суды пайдалану мен қорғаудың осы Кодексте жазылғандардан өзгеше тәртібі белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады".

Қазақстан Республикасының
Президенті